

ҚАЗАҚСТАНДА ТЕМІР ЖОЛ ӨНІМДЕРІН ЛОКАЛИЗАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ ДЕҢГЕЙІ АРТТЫРЫЛМАҚ. СОНЫҢ АЯСЫНДА КОМПАНИЯ ТЕМІР ЖОЛ ЖИНАҚТАУ БӨЛШЕКТЕРІНІҢ НЕГІЗГІ НОМЕНКЛАТУРАДАҒЫ ИМПОРТ АЛМАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗУДЕ. АТАП АЙТҚАНДА, ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕРДІ ӨНДІРУШІЛЕРМЕН ҚАУЫМДАСУ АРҚЫЛЫ ЛОКАЛИЗАЦИЯЛАУДЫ КҮШЕЙТУ МІНДЕТІ ҚОЙЫЛДЫ.



Батыр КОТЫРЕВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері



№67 (2675)
17/08/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛ ШЫҒЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



АСПАРА-ШУ: апат салдары жедел жойылды

Жамбыл облысы аумағындағы Меркі ауданының тауларына қар түсіп, еріген су мен көп мөлшерде жауған жауын-шашынның салдарынан Аспара-Шу аралығындағы теміржол көпірі мен автожолға зақым келіп, халықты біраз әбігерге салды. Жексенбіден дүйсенбіге қараған түні апат салдары жойылып, пойыздар қозғалысы қалпына келтірілді.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл облысы

Мұндағы су өткізуге арналған жасанды құрылымдар толық режимде жұмыс істеп тұрғанымен, теміржол көпірінің тіректері судың үлкен көлемі мен қысымына шыдама бермеді. Сол себепті аймақта жүк және жолаушылар пойыздарының қозғалысы бірнеше сағатқа тоқтатылды. Нақтылай айтқанда, №712 Шымкент-Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол бағытындағы, №78 Маңғыстау-Алматы-2, №42 Атырау-Алматы-2, №23 Алматы-Ақтөбе, №29 Алматы-Атырау,

№33 Алматы-2-Ақтөбе бағыттары бойынша жолаушылар пойыздары жүру уақыттарынан кешіккен.

Төтенше оқиға орын алысымен Аспара-Шу аралығындағы пойыздардың қозғалысын жедел қалпына келтіруге аймақтағы теміржолшылар жұмыла кірісті. Шу жол дистанциясының басшысы Ғалымбек Батырбековтің айтуынша, таудан аққан су көпірдің бір жақ қапталын бұзып өткен. «Төтенше оқиға орын алған күні кешкі 18.00 шамасында аталған тұстан өтетін екі жолды да жапқан болатынбыз. Зардаптарды жою үшін арнайы теміржол және

автотракторлық техникаларды жұмылдырдық. Қажетті материалдарды, шпал, рельс, қиыршық тастар мен кесек тастарды да дер кезінде жеткіздік. Оқиға орнында 75 жолшы түні бойы жұмыс істеді. Қазіргі таңда Аспара-Шу аралығындағы теміржолдарды қалпына келтіру жұмыстары аяқталды, пойыздар жүріп жатыр», – деп мәлімет берді Ғалымбек Тұрғанбекұлы.

Теміржолшылардың жедел іс-қимылы нәтижесінде түнгі сағат 02.15-те бір жол бойынша пойыздар қозғалысы ашылған. Қалпына келтірілген жолдан алдымен контейнерлік пойыз өтсе,

одан кейін Шымкент-Нұр-Сұлтан бағытындағы №712 «Тальго» жолаушылар пойызы өткен. Ал, қарсы қозғалыс жолы таңғы сағат 8.20-да пайдалануға берілді.

ҚТЖ мамандары апатты жағдайды жөндеу-қайта қалпына келтіру жұмыстарына теміржолшылардан бөлек, басқа да құрылымдар белсене атсалысып, жедел әрі үйлесімді жұмыс істегенін мәлімдеді. Сондай-ақ барлық станцияларға пойыздардың кешігу мерзімі мен себептері туралы алдын ала ақпарат берілген. Өңірде қалыптасқан ахуалға байланысты қауырт желі де іске қосылды.

ОТКРЫТЫ К ПЕРЕВОЗКЕ



За 7 месяцев 2021 года по Акмолинскому отделению грузовых перевозок погрузка составила 3 737,7 тысячи тонн, что выше установленного плана на 106,7 тысячи. По сравнению с показателями прошлого года наблюдается увеличение погрузки на 38,6 тысячи тонн.



Также выполнен план погрузки зерна на 111,2%. С начала года погружено 2 772,8 тыс. тонн, лома черных металлов при плане 59,6 тысячи тонн погружено 91,6 тысячи. Статическая нагрузка загруженного вагона при плане 63,50 тонны составила 63,88, или 100,6% к плану.

Кроме того, за 7 месяцев текущего года сформировано и отправлено 463 маршрута с зерном и продуктами перемола. Из них внутри страны – 114, на экспорт – 349. Так, по направлению станция Достык – Китай – 65, САЗ – 333, Афганистан (Галаба) – 4, порт Актау – 37, по Казахстану – 24.

По сравнению с прошлым годом выполнение сверхплана составило 160,1%, увеличение – на 157 маршрутов, на экспорт – 109%.

Надежда НОВИЦКАЯ, Кокшетау
Фото автора

ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ ӨРІС КЕҢ



«Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС өткен айда Ташкент қаласында өткен экономикалық миссияға қатысты. Онда «Орталық және Оңтүстік Азия: аймақтық өзара байланыстар. Қынддықтар мен мүмкіндіктер» тақырыптары талқыланды.

Іс-шара Қазақстандық экспортты қолдау QazTrade операторы мен Өзбекстанның Экспортты ілгерілету агенттігінің ұйытқы болуымен ұйымдастырылды. Көрмеге Қазақстаннан Ақтөбе рельс-арқалық зауытынан басқа 50-ден астам компания қатысты.

«Іс-шара аясында Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамыту мақсатында өзара тиімді ынтымақтастықтың болашағы талқыланды. Нәтижесінде, компаниялар арасында тікелей байланыс орнату, өзбек компанияларымен сауда қатынастарын жандандыру, сондай-ақ экономиканың түрлі салаларында екіжақты ынтымақтастықты нығайту және дамыту мәселелері жолға қойылды. Көрмеге Өзбекстан кәсіпкерлерімен В2В кездесулері арқылы жүргізілді», – деп хабарлайды «Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС-нің баспасөз қызметі.

Зауыт Қазақстанның заманауи экономикасын қалыптастыруда елеулі рөлге ие. Республиканың орасан зор аумағын, көптеген өндіріс салаларындағы ауқымды жүк көлемдерін ескерсек, коллектив бұл түрі мемлекеттіміздің негізгі тұғыры, оның бір өзі еліміздің өндірістік күшін тұтастай біріктіріп тұр.

Алпауыт компания 2016 жылы пайдалануға берілді. Жылына 430 мың тонна өнім беретін Ақтөбе облысындағы рельс-арқалық зауытының Қазақстанда баламасы жоқ. Әлемде «МЕЧЕЛ» және «ЕВРАЗ» секілді ірі металл өндіретін алпауыт компаниялармен бәсекелес түрде рельс шығарып отырған кәсіпорынның өнімдері жоғары сапаға ие. Өндіріс ошағының жобалық қуаттылығы жылына 430 мың тонна. Отандық өнімді Қазақстан темір жолы тұрақты пайдаланып келеді.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе

Сервис

УСЛУГИ – ЧЕРЕЗ QR-КОД

На вокзальном комплексе «Нұрлы жол» внедрен проект дополнительного вида общения с пассажирами и посетителями с помощью QR-кода.

Любовь РОВБА,
Нур-Сұлтан

Такое решение принято в целях улучшения сервиса. На отдаленных зонах вокзала – уличных парковках, паркингах, отдельно стоящих эскалаторах, пандусах – разместили баннеры с изображением QR-кода, а также номером WhatsApp, с помощью которых пассажиры могут заявить о потребности в тех или иных услугах. Так, для них предусмотрена возможность вызвать медработника, носильщика багажа, такси, предоставления

инвалидной коляски и т.д.

– Кроме того, мы согласовали с перевозчиками вопрос размещения QR-кода в пассажирских поездах, прибывающих на вокзал «Нұрлы жол». Таким образом, пассажиры, подъезжая к столице, сообщают о том, что им необходимо, например, инвалидная коляска или тележка для сумок, и получают это уже на выходе из вагона, – сообщила начальник отдела организации технологического процесса вокзала «Нұрлы жол» Галия Нускеева. – В течение месяца мы разместили QR-коды в вагонах 10 пар поездов. Работа в этом направлении продолжается.



Все запросы обрабатываются в оперативном порядке дежурным по вокзалу. Отправлять их можно круглосуточно. С момента внедрения новшества услугой воспользовались уже более 100 человек.

Фото

Александра ЖАБЧУКА

УВЕЛИЧИТЬ МОЩНОСТЬ



В ближайšie два года мощности порта Курык могут увеличиться на 1,5-2 миллиона тонн грузов. Об этом сообщалось в ходе пресс-тура с участием представителей СМИ.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Нур-Сұлтан

Генеральный директор ТОО «Порт Курык» Серик Ахметов проинформировал об открытии и эксплуатации автопаромных линий по маршруту Курык – иранские порты – Курык. В рамках данного направления достигнуто соглашение с российской компанией ООО «Трансморфлот» о совместном взаимодействии и постановке на маршрут паромов типа ро-ро «Композитор Рахманинов», где могут разместиться до 32 большегрузных автомобилей. По итогам данного сообщения произведено 9 судозаходов, объем

которых – более 2,9 тысячи тонн. Кроме того, в мае текущего года свой первый судозаход совершил в порт новый паром «Азербайджан» типа го-рах. Длина паромов составляет около 154,5 метра, ширина – 17,7 метра. Новые суда типа го-рах по грузоподъемности больше, чем существующие паромы на Каспии.

– К 2022-2023 годам мы планируем добавить к мощности порта 1,5-2 миллиона тонн грузов. Эти проекты реализуются вместе с инвесторами, которые тоже видят большой потенциал, – сказал Серик Ахметов.

Сегодня через порт Курык переваливаются нефтепродукты, химическая продукция, металл, товары народного

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

АЛМАТЫ ЖТ
БӨЛІМШЕСІНДЕ БЫЛҒА

67,11 км

ЖОЛДЫ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ
ЖОСПАРЛАНҒАН

МАҢҒЫСТАУ ЖОЛ
ДИСТАНЦИЯСЫНДА БЫЛ

25

МАЛҒА ҚАРСЫ ҚОРШАУ САЛУ
КӨЗДЕЛУДЕ

ТХКБ АРҚЫЛЫ БИЫЛ
АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТА

7,4 мың

КОНТЕЙНЕР ТАСЫМАЛДАНҒАН

№67 (2675) 17/08/2021

ТҮЙІСПЕСІЗ РЕЛЬС АЛМАСТЫРЫЛДЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда



Қызылорда-Белкөл телімінде жолшылар бес сағаттық толаскез алып, жолдың жарты шақырымға жуық түйіспесіз рельсін ешбір техниканың көмегінен, өз күштерімен алмастырды.



Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Марат Оңалов басқаратын Қызылорда жол дистанциясының жолшылары телімнің 2822 шақырымда басталған жұмысты белгіленген уақытта бітіріп, 487 метрлік түйіспесіз рельсті алмастырып үлгерді. Жұмысқа дистанцияның 2-өндірістік телім басшысының орынбасары Рүстем Досымов, 2-5-6-7-айналым шеберлері Алпамыс Белгібаев, Асылбек Бекниязов, Әнуар Қосымбаев, Мақсат Әбдіраман мен Жомарт Дәненов және жолшылар жабылып, бас-аяғы 40 шықты адам жұмылып, берілген уақытты тиімді пайдалануға күш салды.

– Бүгінгі толаскезде 487 метрлік түйіспесіз рельс ауыстырылатындықтан алдын ала дайындық жүргізілді. Дайындық барысында жолшыларға арнайы пысықтау инструкторы өткізілді. Шиелі, Шорнақ және Қараөзек телімдерінен көмекке жолшылар шақырылды. Жаңадан рельс асты төсеніші салынып, түйіспесіз рельс орын алмастырылып қайта бекітілді. Мұндай толаскез кезінде барлық жұмыс қолмен атқарылады, себебі мына жер тар әрі көпірдің үсті, әрі қаланың ортасы, айнала тығыз орналасқан тұрғын үйлер болғандықтан жұмыс ұқыпты қолмен атқарылғаны дұрыс. Алдын ала белгіленген жұмыс көлемін бөліп алған жолшылар бірнеше топқа бөлініп, бірінің соңынан бірі конвейер секілді жұмыс жасап, техниктер оның сапасын бақылап отырды, – деді дистанцияның өндірістік телім басшысының орынбасары Рүстем Досымов.

Қолмен атқарылғандықтан асқан шеберлік пен дәлдікті қажет ететін «зергерлік жұмыстың» басы-қасында Сейдахмет Тасқынбай, Қанағат Зайыров және Айбек Есімов сынды тәжірибелі жол жөндеушілер жүргені, оның сапасына сын келтірмейді деген сенімде телім басшысы. Бұл телімде қос жол болғандықтан пойыздар толаскез жүргізіліп жатқан учаскеден кідіріссіз өткізілді.

Суретті түсірген автор

Сұхбат

КӨНЕ ДЕ ЖАҢА ТҮРКІСТАН



Жан ПЕРДЕБЕК,
Түркістан

– Қадыр Қанлыбайұлы, «Тамаша Түркістандай жерде туған...» деген ғой, киелі шаһарда тұру, өмір сүру қандай деп ойлайсыз?

– Түркістанның бағы енді жанды деп ойлаймын, облыс орталығы мәртебесін алғалы қала қатты өсті, ағылған халықта да есеп жоқ. Теміржол тасымалы да жанданып сала берді. Қалаға келетін құрылыс, тағы басқа жүк көп. Мен осы Түркістан қаласында дүниеге келдім. Мен үшін туған жерге қызмет етудің ешқандай айырмашылығы жоқ. Еліміздің қай түспірінде жүрсем де теміржолға, яғни өзіміздің қалаған кәсібімізге қызмет етеміз. Дегенмен күрежолдың бойындағы Түркістан ежелден транзиттің жолы ғой. Еліміз арқылы Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан секілді көрші мемлекеттерге жүк тасымалдайтын пойыздар транзит арқылы өтеді. Қазіргі таңда «Шығыс Қытайдан-Батыс Еуропа» жолымен контейнер пойыздар жүрде. Контейнерлік пойыздар қазір дамып кетті. Мемлекетке одан түсіп жатқан кіріс те орасан зор. Тәулігіне 1250 шақырымнан 7 күнде Қытайдың арғы шығысынан Еуропаға жетіп жатыр. Біздің міндет – осы ағылған жүк және жолаушы пойыздарын кесте бойынша уақытымен күтіп алып, уақытымен жөнелту, жолаушылар пойызын сумен қамтамасыз ету, тепловоздарды уақытылы жіберу, ағытылған вагондарды уақытылы тіркеу, қауіпсіздік жағдайы, қым-қуыт жұмыс тәулік бойы тынбайды. Жүк пойыздарының ішінде 10-20 минут, 40 минут, 1 сағат тұратын пойыздар бар. Соған біздің теміржолшылар, машинистер, вагоншы, күзетшілер, бағдаршамды

қадағалайтын механиктер, электриктер, жол шеберлері барлық деңгейде бірдей қызмет көрсетеді. Түркістан қаласына келетін жолаушылар мен жүк пойыздарының уақытылы келіп, кетуіне бір ғана станция емес, осы құрылымдардың бәрі жауапты. Одан бөлек, қалаға күніне ең кемі 15-20 жүк вағоны келеді. Біздің міндетіміз – осы вагондарды өз орындарына жеткізіп, жүкті түсіріп, бос вагондарды қайта тиеп жіберу.

– Түркістан станциясы арқылы тасымалданатын жүк көлемі қаншалықты өскені жоспардың қалай орындалуынан байқалатын болар?

– Бізге тиесілі өз жоспарымыз бар. Жыл басынан бері вагон айналымы жоспардан асырып орындалып келеді. Қалаға келетін тауарлардың басым көпшілігі – ұн, жанар-жағармай, құрылыс заттары, мал азығы секілді өнімдер. Бір айта кететін жәйт, көршілес Қызылорда облысына бұған дейін артатын жүктер көп болатын. Қызылордаға қарай ол кезде тәулігіне 10-15 вагон құрылысқа қажетті заттар жөнелтілетін еді. Бүгінде шаһарымыз облыс орталығы болғалы мұндағы жүріп жатқан құрылыс нысандарына жеткізілетін құрылыс материалдары және тағы басқа заттарды көрші облыстарға жіберіп жатқан жоқпыз. Себебі, өзіміз білесіз, облыста құрылыс қарқынды жүріп жатқандықтан, қажетті материалдар өзімізден артылып жатқан жоқ. Бұдан бөлек, ай сайын біздің аумаққа қарасты теміржолдың барлығын қадағалап, Бекзат мөлтек ауданындағы соңғы бағдаршамға дейінгі аралықты бүге-шүгесіне дейін тексеріп, бақылап отырамыз. Олардың өзінің талапқа сай нормалары бар. Одан асып кеткен жағдайда жабуымыз керек. Жүк тиегенде де оның дұрыс байланысын және әр вагонның

пломбасы болады, соның дұрыс өткендігін тексереміз. Вагонның дөңгелектерін, жүретін жолын қадағалаймыз. Осының бәрі сайып келгенде станция өндірісінің өрге басуына алғашқаттар болмақ.

– Теміржол аса қауіпті аймақ екені белгілі, қозғалыс артқан сайын қауіпсіздікке де сын көбейген болар?

– Қазіргі таңда темір жолда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ай сайын жол жағдайын тексеруге комиссиялық тексерулер ұйымдастырылып отырады. Табылған ақаулар мен кемшіліктер қауіптілік деңгейіне қарай шұғыл түрде, бес күн ішінде және жоспарлы түрде түзетіледі. Одан бөлек, заманауи техниканың да көмегіне жүгініп отырамыз, яғни модернизацияланған диагностикалық кешен вағоны – адам көзімен көре алмайтын ақаулар мен кемшіліктерді компьютер дисплейіне шығарып, қауіптілік деңгейіне қарай ақау табылған жерді қозғалыс үшін жабады немесе ол жердің қозғалыс үшін белгіленген жылдамдығын төмендетіп отырады. Ал, адами фактордың қозғалыс қауіпсіздігіне әсерін азайту мақсатында локомотивтерде кешенді локомотивтік қозғалыс құрылысы орнатылған. Бұл құрылыс пойыз машинистерінің қырағлығын арттырып, бағдаршамның тыйым салу белгісінен өтіп кетуіне жол бермейді. Темір жол аралықтарында вагон ақауын анықтайтын көпфункционалдық техникалық құрылыстардың кешенді аппараты орналастырылған. Ал, пойыз қозғалысын ұйымдастырушы пойыз диспетчерлері мен станция кезекшілері пойыздарды қабылдап-жөнелтуді монитор экранында іске асыруға көшуде.

– Өңірімізге рахмет!

Суретті түсірген автор

17 ТАМЫЗДАН ЖҮРЕ БАСТАЙДЫ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



Облысшілік «Атырау-Дина Нұрпейісова» бағытындағы теміржол пойызы 2021 жылғы 17 тамыздан бастап жүре бастайды деп хабарлады облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы.

Бұл – атыраулықтардың көптен күткен қуанышы. «Отран Logistic» компаниясы аталған бағыттағы жолаушылар тасымалы тендерін жеңіп алған. Жол жүру билеттері теміржол вокзалы кассаларында және интернет желісі арқылы сатылымға шықты. Пойыз күн сайын Атырау станциясынан жергілікті уақытпен 11:00, Д.Нұрпейісова бекетінен жергілікті уақытпен 18:42-де жүреді. Пойыз құрамында 1 плацкарт, екі жалпы вагон бар.

Айта кетерлігі, Дина Нұрпейісова станциясы Ресей Федерациясының Астрахань облысымен шектеседі. Учаске көлемі 7 шақырымдай жерді қамтығанымен, көтерер жүгі қомақты. Себебі, еларалық жүктер алдымен осы станция арқылы өтеді. Станция бастығы Қ.Хисиннің айтуынша, тәулігіне 15 жұпқа дейін пойыз, мыңға жуық вагон қабылдап-жіберетін кездер болады. Станция басында Атырау жол дистанциясының жолшылары, ШЧ-8 дистанциясының байланысшылары, ВЧД-1 станциясының вагоншылары да өз қызметтерін орындауда. Станция вокзалының 30 адамдық күту залы бар.

БИЫЛДЫҚҚА ТІРКЕЛГЕН БЕСІНШІ ОҚИҒА...



Жамбыл облысы аумағындағы Құмшағал станциясында қайғылы оқиға орын алды. Әйел адам баласымен бірге тоқтап тұрған жүк пойызының астынан өтпек болып, сол сәтте орнынан қозғалып кеткен вагон үш жасар қызды басып кеткен.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл облысы

Бұл алақандай ауылда биылдыққа тіркеліп отырған бесінші жағдай екен. Жергілікті тұрғындар осы оқиғадан соң құзырлы органдар бір амал жасауы қажет деп санайды. Өйткені, мұндай төтенше жағдай соңғы уақытта тіпті жиілеп кеткен. «Теміржол бойындағы салғырттықтың салдарынан неше адам ажал құшып, мүгедек болып қалып жатыр. Не деген сұмдық бұл?! Тісті мекемелер бір шара қолданып, тоқтатудың амалы бар ма?», – дейді Құмшағал ауылының тұрғыны Тәттібек Құрманәлі.

Аталған оқиғаға орай полиция қызметкерінің де айтары бар. Өйткені, балаларын қараусыз, қадағалаусыз, еркінен тыс жіберетін ата-аналар көп. Мұның арты көп отбасын опындырып жатады. «Бұл жағдайға қатысты сот алдын-

дағы тергеу амалдары басталып кетті. Жол қозғалысы кодексінің 344-бабының 2-бөлігінде теміржол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігі ережелерін бұзу шаралары қаралған. Кінәлілер болса, тергеу кезінде анықталады», – деді Көліктің полиция департаменті өкілшілік полиция бөлімінің басшысы Мақсат Дүйсенбиев.

Ал қоғам белсендісі Орынбасар Тоқбергенов теміржол бойында орын алатын мұндай оқиға оқиғаның басым бөлігі адамдардың ажал құшып аяқталатынын айтады. «Тұрғындардың тәуекелін тоқтатудың бір амалы мұнда жол өткелін салып, пойыз жолының маңын қоршау қажет. Алайда, біз осы ұсынысымызды басшыларға бір емес, бірнеше мәрте жеткіздік. Әлізге ешқандай шаруаның қолға алынбағанын, тіпті нәтижесін де көріп отырмыз. Теміржол аймағынан өту үшін белгіленген

орын немесе қоршау болуы керек. Біздің талабымыз да, ұсынысымыз да осы», – дейді ол.

Осыған дейін өңірдегі көліктегі полиция қызметкерлері жүріп бара жатқан пойыз бен платформа арасындағы саңылауға түсіп кеткен ер адамды құтқарып қалған болатын. Бұл оқиға 23 шілде күні Турар Рысқұлов ауданында орналасқан Түркісб бекетінде болған. Ер адам «Көкшетау-Қызылорда» бағытындағы пойызға кештігіп қалып, жылжып бара жатқан вагонның есігіне жармасқан. Ол полиция қызметкерлерінің ескерту ұсынысына да жауап бермеген. Салдарында жолаушының аяғы тайып, пойыз бен платформа арасындағы саңылауға түсіп кеткен.

Пойыз шұғыл тежегішті басып, тәртіп сақшылары зардап шегушіні пойыз астынан шығарып алған. Кейін анықталғандай, медициналық сараптама 31 жастағы



Қызылорда қаласы тұрғынының орташа дәрежедегі мас күйінде болғанын көрсеткен. Ер адамға Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 440-бабының 1-бөлігі – алкогольдік ішімдік ішу немесе мас күйінде қоғамдық орындарда болу және 560-бабы – теміржол көлігі құралдарын пайдалану ережелерін бұзу бойынша екі хаттама толтырылған. Соған сәйкес, жолаушыға 10 айлық есептік көрсеткіш (29 170 теңге) көлемінде айыппұл салынды.

Ал ведомство осы оқиғаға байланысты жоғарыда аталған пойыз жоспардан тыс тоқтап, кешігу уақыты 3 минутты құрағанын мәлімдеді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖЕРГІЛІКТІ БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ-АҚ



Биылғы жылы Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі Ақтөбеге қосалқы бөлімше ретінде қосылып, кейбір функциялары өзгергені белгілі. Диспетчерлер Ақтөбеге ауысып, оның жұмыстары орталықтан басқарылатын болды.

Шахид ЖҰМАН,
Маңғыстау

Маңғыстау қосалқы бөлімшесі бастығының айтуынша, нәтижесінде жергілікті филиал кейбір мүмкіндіктерден айырылып, адымын тұсап отырған жайы бар.

Әрине, бес бірдей бөлімшенің қозғалыс қызметін біріктіретін Ақтөбеге құрылған диспетчерлік орталықтың тиімділігі талассыз, үнем мен оңтайландыруда пайдасы шаш-етектен екенін жобаны жүзеге асырушылар дәлелдеп отыр. Дегенмен, «медальдің екі жағы

бар» демекші, бұл жоба жергілікті бөлімшелерге кейбір функцияларды өз деңгейінде атқаруға мүмкіндік бермей отырғаны да айтуға тиіспіз.

– Бұрын дербес бөлімше кезінде жедел-өкімдік тарату бөлімі болатын. Пойыздар қозғалысын, яғни олардың учаскелерде жүрісін,

тепловоздармен қамтамасыз етілуін, вагондар және жергілікті жүктердің айналымын, жүк түскеннен кейін вагонның кері кетуі, ай сайын берілетін техжоспармен тиелетін жүктерге бос вагондардың келуі, т.б. қадағалайтын пойыз диспетчерлері еді. Олар Ақтөбеге ауысқалы станциядағы жергілікті жүктердің айналымы, олардың уақытында берілуі, жөнелтілуі, бос вагондардың жүк тиеуге берілу уақыттары сияқты кейбір жұмыстарды қадағалайтын бөлім болмай қалды. АСУ-ды ЛОИС-ке қосты, тепловоз шаруашылығы бөлімін қысқартып, диспетчерлер кетті. Бізде тек жүк коммерциялық жұмыстар қалды.

Осы жұмыстарды қадағалау ғана қалғандықтан қазір жергілікті станциялардағы жұмысты, сонымен қатар порттар, терминалдармен тікелей қарым-қатынасты бақылауға ала алмай қалдық. Соған байланысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жүк тасымалы басшыларымен болған селекторлық жиында жағдайды түсіндіріп, ұсыныс бердік. Диспетчер болмаса да соның кейбір жұмыстарын уақытында қадағалау үшін арнайы бір бөлім ашылуын сұрап хат жаздық, – дейді бұл туралы Маңғыстау қосалқы бөлімшесінің директоры Нәжімеден Ғұбашов.

Нәжімеден Бақтығалиұлының сөзіне сүйенсек, жоғарыда аталғандай, өңір теміржолындағы қозғалысты бақылай алмағандықтан теміржолда қандай да бір апатты жағдай немесе оқиғалар бола қалса, дер кезінде құқық қорғау органдарына ақпарат беру үшін де қол қысқалық етеді.

«Егер ұсыныс мақұлдандас, өңірдегі пойыздар қозғалысын бақылап отыруға мүмкіндік туар еді. Болған жағдайды бүгінде біз құқық қорғау органдарына бере алмаймыз, себебі оның қайда болып жатқанын көрмейміз. Көріп отырған учаскелік пойыз диспетчерлері Ақтөбеге. Диспетчерлік қызмет Маңғыстаудан көшірілгенде түбегтен осы міндеттерді атқаратын 52 адам қысқартылып, оның 17-сі Ақтөбеге кетсе, 7 адам басқа жұмысқа орналастырылды. Олардың бәрі тәжірибелі диспетчерлер», – деген қосалқы бөлімше директоры ұсыныс оң шешімін табар деген сенімде.

НОВАЯ ЦИФРОВАЯ ПЛАТФОРМА



ТЕХНОЛОГИИ

Организация перевозок товаров становится проще. Так, Министерство торговли и интеграции Республики Казахстан объявило о предстоящем запуске новой платформы – Автоматизированной трансграничной торгово-расчетной интегрированной системы (АТТИС). Она позволит получать полный комплекс информационных услуг всем участникам внешнеэкономической деятельности (ВЭД) в рамках инициативы «Один пояс – Один путь».

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Султан

По словам специалистов, система будет представлена в виде «единого окна», что поможет участникам ВЭД пройти все этапы внешнеэкономической операции – от заключения внешнеэкономического контракта до проведения расчетов за поставленные товары и оказанные услуги.

Суть подхода системы АТТИС – создание единой информационной платформы, в основе которой – интеграция с системами государственных органов (ИС «АСТАНА-1», eFreight, ИС национального перевозчика, ИС Международного союза автомобильных перевозок IRU).

В результате новшество позволит сократить поиск соответствующих контрагентов и последующее заключение сделок в единой информационной системе, а также сократить временные и ресурсные издержки участников ВЭД при предоставлении сведений в государственные органы.

АТТИС Group уже проведены основные мероприятия по техническому взаимодействию с информационными системами по железнодорожным и авиaperезовкам eFreight.

Как сообщили в Минторговле, участники НПП «Атамекен» также будут иметь доступ к платформе АТТИС, о чем было заключено соглашение об информационном взаимодействии с НПП «Атамекен».

На сегодня на платформе АТТИС зареги-

стрировано 19 пользователей.

Также специалисты отмечают, что есть отличие новой системы от государственных. Так, электронные системы государственных органов, участвующих в регулировании внешнеэкономической деятельности, предназначены для получения от резидентов – участников внешнеэкономической деятельности электронных сведений, официально утвержденных документов только в рамках своих полномочий.

СИСТЕМА АТТИС БУДЕТ ПРЕДСТАВЛЕНА В ВИДЕ «ЕДИНОГО ОКНА», ЧТО ПОМОЖЕТ УЧАСТНИКАМ ВЭД ПРОЙТИ ВСЕ ЭТАПЫ ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКОЙ ОПЕРАЦИИ – ОТ ЗАКЛЮЧЕНИЯ ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКОГО КОНТРАКТА ДО ПРОВЕДЕНИЯ РАСЧЕТОВ ЗА ПОСТАВЛЕННЫЕ ТОВАРЫ И ОКАЗАННЫЕ УСЛУГИ.

Проект АТТИС, ставя своей задачей в первую очередь объединить участников внешнеэкономической сделки по обе стороны границы, позволит им обеспечить взаимодействие с государственными системами по принципу «одного окна».

При этом очень важна правильная регистрация в системе. От того, насколько полно

и актуально содержатся сведения об участниках ВЭД в системе АТТИС по обе стороны границы, зависит эффективность прохождения всех последующих этапов. Для актуализации набора сведений о пользователе и о субъекте хозяйствования система АТТИС получает данные из государственных и открытых информационных ресурсов на основании введенной пользователем регистрационной информации. Пользователь в качестве официального представителя участника АТТИС подтверждает своей электронно-цифровой подписью актуальность сведений, как при регистрации, так и при осуществлении последующих действий в системе.

Далее после регистрации контракта сведения из него будут использоваться для формирования экспортером электронного инвойса (счета-фактуры) в системе АТТИС, формирования электронных документов экспедитором (перевозчиком) и другое. Все это позволит сократить временные издержки и избежать несоответствий в документах при отправке груза.

Также важным фактором сокращения времени прохождения таможенных формальностей при пересечении границы является возможность предварительного информирования таможенных органов о транспортном средстве и грузе.

Финальной фазой сделки после прохождения всех процедур таможенной очистки является проведение расчетов за поставленные товары.

НУЖНЫ УСИЛИЯ С ОБЕИХ СТОРОН

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Нур-Султан



БЕЗОПАСНОСТЬ

Проблема дорожно-транспортных происшествий на переездах, а также экстренные торможения поездов из-за выхода на железнодорожные пути людей и домашних животных стала предметом обсуждения работников Астанинского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-11) совместно с сотрудниками Линейного управления полиции по обеспечению безопасности дорожного движения.



В ходе совещания было отмечено, что основными причинами инцидентов становится очевидное пренебрежение людьми правил поведения на инфраструктуре железной дороги. Поэтому все чаще поступают сигналы о применении машинистами экстренных торможений, которые могут нанести непоправимый вред здоровью и жизни пассажиров, ущерб перевозимым грузам. Появляются нарушения в графике движения поездов, могут возникнуть технические повреждения подвижного состава, что создает угрозу схода поезда с рельсов.

По словам первого заместителя начальника Линейного управления полиции на станции Нур-Султан подполковника полиции Кайрата Жакиянова, в целях безопасности граждан с начала года внесено 13 представлений в адрес Астанинской, Карагандинской, Ерейментауской, Агбасарской, Есильской дистанций пути по установлению вдоль железнодорожного полотна соответствующих стандартов пешеходных переходов и ограждений.

– Также мы хотим предложить руководству ТЧЭ-11 рассмотреть вопрос снижения скорости пассажирских и грузовых поездов при проследовании через населенные пункты, а также установить камеры видеонаблюдения в локомотивах и электровозах, чтобы производить фото-, видеofиксацию для своевременного установления правонарушителей, – отметил он.

Фото автора

ДОСТЫК: ПОТЕНЦИАЛ НЕ ИСЧЕРПАН



В ТРУДОВОМ РИТМЕ

Международный переход Достык – Алашанькоу – важнейшее звено в обеспечении интеграционных процессов, развитии экономических связей между странами Европы и Азии – четко удерживает свои позиции в обеспечении продвижения составов и безопасности движения транспортных потоков.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

За первое полугодие текущего года передача экспортных грузов при плановом задании ОСЖД 106 099 вагонов, фактическое выполнение составило (сдано в КНР экспортных грузов) 94 615 вагонов, или выполнение на 89%.

По направлению в КНР – 38 836 вагонов. За аналогичный период 2020 года этот показатель составил 31 534 вагона. По сравнению с отчетным периодом произошло увеличение перевозок транзитных грузов.

Прием импортных грузов при плановом задании ОСЖД 47 971 вагон, фактическое выполнение составило 92 190 вагонов.

По сравнению с аналогичным периодом 2020 года, в текущем году произошло увеличение перевозок импортных грузов на 21 9471 вагон.

Более того, общий грузооборот при плановом задании ОСЖД 154 070 вагонов, фактическое выполнение – 186 805 вагонов. В сравнении с прошлым годом увеличение составило 10 835 вагонов.

С каждым годом контейнерные перевозки набирают обороты, с начала года отправлен 1 421 поезд, экспорт увеличен на 521, импорт на 294.

Несмотря на карантин, коллектив станции Достык прилагает максимум усилий по про-



движению транспортных потоков, улучшению культуры производства и развитию станции.

– На станцию Достык возложены масштабные задачи и колоссальная нагрузка. Проводится работа по разработке и внедрению мероприятий по техническому развитию станции как одного из основных межгосударственных стыковых пунктов, международных транзитных железнодорожных перевозок сообщением Китай – Европа и освоения новых объемов перевозок железнодорожным транспортом, – отмечает начальник станции Достык Молдахмет Кожабеков.

В перспективе – строительство дороги Бесколь – Коктума – Достык, соединяющей

поселок с райцентром. В плане развития участка Достык – Моинты, разработана проектно-сметная документация по удлинению трех развязок участка Моинты – Балхаш – Саяк, предусмотрено строительство трех новых развязок на этом участке.

Бесспорно, повышение статуса поселка Достык, техническое развитие станции будет играть определяющую роль, так как станция Достык является ключевым звеном в транспортировке грузов между Казахстаном и Китаем, возможности которой не ограничены.

Фото автора

НЕБОЛЬШОЙ, НО ЗНАЧИМЫЙ УЗЕЛ



КАК ЖИВЕШЬ, СТАНЦИЯ?

Работники станции Шокай Осакаровского района Карагандинской области готовятся к осеннему периоду. Прошедший комиссионный осмотр показал хорошее состояние железнодорожного полотна и стрелочных переводов. Таким образом, обеспечивается безопасная и бесперебойная работа движения поездов в путевом хозяйстве.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Как сообщил и. о. начальника станции Шокай Жанат Джолдаспеков, вышеназванный узел считается промежуточным, имеет 4 класса и протяженность около 3 километров. На станции сконцентрированы все стратегически важные службы – дистанции пути, сигнализации и связи, электроснабжения и эксплуатационное вагонное депо.

– Сам по себе объект небольшой, но весьма значимый. Через Шокай проходят поезда в направлении Нур-Султана, Алматы и



Караганды, – рассказывает Жанат Джолдаспеков. – В ближайшее время запланирована погрузка зерна с хлебоприемного пункта, который представляет собой разновидность элеваторных зернохранилищ. Как стало известно, основная задача ХПП – приемка

зерновых от производителей и их предпродажная подготовка. Несмотря на карантин, работа проводится в прежнем режиме, с соблюдением масочного режима и применением антисептических средств.

Недалеко от узла располо-

жен поселок Шокай, в котором проживает около 150 человек. Работниками станции совместно с представителями акимата сельского округа проводится разъяснительная работа с местными жителями по недопущению нахождения скота на железнодорожных путях. Кроме того, сотрудники раздают памятки взрослым и детям с целью профилактики личной безопасности. В ней говорится о том, что сельчанам запрещено перебежать пути перед составами, пролезать под вагонами, прыгать с платформы, бросать камни в окна проходящих мимо поездов. Зачастую несчастные случаи происходят из-за того, что подростки ходят в наушниках, разговаривают по телефону, пересекая пути.


– На переездах можно проходить железнодорожное полотно только при открытом шлагбауме. Родители постоянно должны напоминать детям, что играть вблизи железнодорожного полотна опасно для жизни, – предупреждает Жанат Джолдаспеков.

Фото автора



ЭФФЕКТИВНОСТЬ – В ПРОСТЫХ РЕШЕНИЯХ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ИТОГИ

В Костанайском отделении грузовых перевозок подвели итоги полугодия по привлечению к перевозке контейнеров.

Как сообщил заместитель начальника отдела логистики Костанайского отделения ГП Кенес Дюсекеев, за 6 месяцев текущего года было погружено 546 фитинговых платформ для 14 организованных маршрутов. В результате погрузка к уровню прошлого года увеличена на 444 контейнера, или на 156%. Основная номенклатура грузов – зерновые культуры (238 платформ). Из них со станции Костанай назначением Турция – 5, Китай – 116, со станции Сарыколь – 31, Аманкарагай – 4, Денисовка – 82 платформы назначением Китай. Продуктов перемолы – 268 фитинговых платформ, со станции Костанай назначением Турция – 10, назначением Китай – 258. Асбеста по станции Житикара грузоотправителем АО «Костанайские Минералы» – 40 платформ назначением Достык – Китай (организованный маршрут).

– Костанайским отделением на постоянной основе проводится работа по увеличению погрузки зерновых, продуктов перемолы и других грузов в контейнерах по направлению Китая и других стран, – говорит Кенес Дюсекеев. – Проведенные совещания дают положительный результат. На сегодняшний день существуют заинтересованные грузоотправители. Одним из основных – АО «СГПО» – рассматривает возможность по погрузке железной руды. Так, грузоотправителем уже заявлен план на 8 фитинговых платформ для погрузки пробной партии в направлении Достык.

Фото автора

Центральный совет ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» глубоко скорбит по поводу скоротечного ухода из жизни ветерана железной дороги, председателя профкома Мангистауского вагонного депо **Лаховой Сании Сисенбаевны**

БЕЙНЕТТІҢ ЗЕЙНЕТІ ДЕГЕН ОСЫ...



ҚҰРМЕТ

Қызылорда жол станциясының ұжымы тәжірибелі теміржолшы Досжан Тәжімұратовты ерте зейнет демалысына шығарып салды. «Адал еңбегі үшін» төселгісінің иегері болат жолда 45 жыл тер төккен екен.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда



құрылымдық өзгерістерге байланысты диагностика бөлімінің қысқартылуына

және денсаулығына орай ерте зейнетке шығуға өзі арызданыпты.

– Қызылорда жол станциясында еңбек жолын өткізген әріптесіміз Досжан нағыз өзінің маманы болды. Оның станцияның өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі зор, еңбегі ерен. Осы уақытқа дейін тәрбиеленген талай шәкірті аймақ теміржолында еңбек етуде. Әріптесімізді зейнет жасына қимасақ та уақыт өз дегенін жасайды екен. Енді, қырық жылғы бейнеттің зейнетін көрумен бірге денсаулығын күтіп, бала-шағасының ортасында ұзақ өмір сүріңіз деген тілекпен шығарып салып отырмыз, – дейді станция кәсіподағы ұйымының төрағасы Галия Ноғайбаева.

Жолшылар ұжымының дәстүрі бойынша иығына шапан жабылып, бағалы сый-сияпатқа кенелген жолшы әріптестеріне алғыс айтып, еңбекте табыс тіледі.

Суретті түсірген автор

ҚОС ҚАПТАЛ ҚОРШАЛУДА



ПРОФИЛАКТИКА

Жаңа-Семей жол станциясында желі бойындағы жазғы жұмыстар қызу жүріп жатыр. Жыл басында құрылған жоспар аясында Семей мен Шар станциялары аралығындағы телімдер бойынша малдан қорғайтын қоршаулар тұрғызу биыл да жалғасуда.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



жететін ірі қарадан қорғандың бірден-бір жолы әзірге осы қоршау тұрғызу болып тұр, – дейді бұл орайда Жаңа-Семей жол станциясының техникалық бөлімінің мамандары.

Өткен жылы 4,6 шақырым желі бойына жаңадан қоршаулар тұрғызылған еді. Яғни, жыл сайын ең кемі 4 немесе 5-6 шақырымдай қорғандар салынады екен. Жалпы саны, желінің қос қапталын алғанда, 60 шақырым аумақ толық қоршалған. Осылайша жыл өткен сайын желі бойындағы төрт түліктен төнер қауіп сейіліп

келеді. Сәйкесінше, шұғыл тежелу оқиғалары да азайғаны байқалады.

Биылғы жылы карантиндік шектеулер бойынша жергілікті мал бағатын шаруалармен кездесулер өткізуде қедегерлер болып тұр. Өйтсе де, жуырда желіге жақын орналасқан Приречный ауылдық округінің малшы қауымымен жиын өткізіліп, ескертулер жасалыпты. Бұл шаралардың сыртында Шар, Жанғызтөбе станцияларынан желілік полиция бөлімі қызметкерлері де айыпшұл салып, хаттама толтырып, жұмыстар жүргізуде. Орган өкілдері жолшылармен тығыз байланысты.

– Жазғы жол жөндеу жұмыстарымен бірге желі бойындағы қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мақсатында да белгіленген жоспар аясында нақты іс-шаралар жүргізілуде. Соңғы жылдары кеңінен күш салынып жатыр. Соның нәтижесінде станция бойынша кемшіліктер мен тосын оқиғалар саны да азаюда, – дейді ПЧ-40 мекемесінің техникалық бөлімінің басшысы Ғафур Рахымбаев.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

К ШКОЛЕ ГОТОВЫ



АКЦИЯ

К 1 сентября более 1 500 многодетных семей железнодорожников из отдаленных станций и разъездов получат необходимые для школы канцелярские принадлежности.



Роман ЛЮБИМОВ,
Нур-Сұлтан

Адресная помощь детям работников в преддверии Дня знаний стала доброй традицией АО «НК «ҚТЖ». Третий год подряд благотворительная акция «Соберем детей в школу» проводится компанией при поддержке совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси – АО «ОТЛК ЕРА» и корпоративного фонда «Фонд социальных проектов».

– Основная цель акции – помощь семьям работников, воспитывающим четвертых и более детей школьного возраста. По филиалу АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» и ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» насчитывается 1 500 многодетных семей. Перед новым учебным годом они получают наборы со всеми необходимыми школьными принадлежностями, – рассказала а. о. директора департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Акмарал Байбабулова.

В течение двух дней волонтеры ҚТЖ собирали для ребят комплекты канцелярских товаров, чтобы уже на этой неделе отправить их адресатам на линию, отдаленные станции и разъезды. В каждом школьном наборе – 20 наименований: тетради, альбомы, карандаши, ручки, краски, ластик, пластилин, сумки для сменной обуви и многое другое. К слову, пустые картонные коробки, оставшиеся после акции, планируется сдать на макулатуру, а выроченные средства направить на благотворительность.

– Социальная поддержка работников является одним из главных приоритетов политики АО «НК «ҚТЖ». Руководство компании прилагает все усилия для повышения мотивации и социальной защищенности сотрудников, ведь эффективность компании напрямую связана с благополучием ее коллектива, – отметила Акмарал Байбабулова.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ДЛЯ СИЛЬНЕЙШИХ – ТРИ ДИСТАНЦИИ



СПОРТ

В День спорта в АО «НК «ҚТЖ» состоялся онлайн-триатлон, дистанция которого включала три непрерывных этапа: плавание (1,9 км), велогонка (90 км) и бег (21,1 км).

Любовь РОВБА,
Нур-Сұлтан



преододел все три заявленные дистанции. Вместе с ним норматив выполнили директор Технического центра АО «НК «ҚТЖ» Азамат Жангельды и главный менеджер департамента производственной безопасности и экологии Сағат Кабиев.

– Подготовку к таким стартам необходимо начинать минимум за 6 месяцев. Дистанции длинные, циклические, они требуют выносливости и системного подхода. Мы с коллегами из Railways athletics club разработали свой план еженедельных тренировок. Так, во вторник мы сядились на велосипед, в среду устраивали заплыв, в четверг снова крутили педали, в пятницу – плавание и бег, в субботу – велопробег на дистанции 40-90 километров, в воскресенье – бег на 20 километров, в понедельник – отдых. В таком спортивном режиме мы провели последние полгода, – поделился Сағат Кабиев.

Амбассадор бөге Railways athletics club, ультрамарафонец компании – главный менеджер департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» Руслан Молдағалиев не смог принять участие в триатлоне из-за травмы, но вместе с менеджером Дауреном Белесаровым оказал моральную поддержку однокурсникам, поделившись своими советами на этапе бега.

Наряду с триатлоном в этот день

прошла эстафета. Начальник Костанайской дистанции сигнализации и связи Нурлан Иксанов вместо плавания пробежал 5 километров, а также преодолел дистанцию по бегу на 21,1 километра, а велозаплыв (90 км) выполнил менеджер Технического центра Ануар Алдажаров. Главный менеджер департамента международных отношений АО «НК «ҚТЖ» Ханшаим Абуова пробежала 21,1 километра, начальник техотдела Семейского отделения магистральной сети Нурлан Бегадилов заменил плавание на 5-километровую дистанцию по бегу, затем проехал 90 километров на велосипеде и пробежал еще 21,1 километра.

– С удовольствием принял участие в онлайн-эстафете. К сожалению, не смог устроить заплыв из-за сильного течения на реке Иртыш, поэтому заменил плавание на бег. Хочу выразить благодарность Railways athletics club за мотивацию и популяризацию спорта и здорового образа жизни среди железнодорожников, – сказал Нурлан Бегадилов.

В День спорта атлеты, чьи имена уже хорошо известны в ҚТЖ, в очередной раз подтвердили свой класс. Заявили о себе и новые спортсмены, об успехах которых, нет сомнений, мы еще услышим.

Фото автора

ЗИЯНДЫ ЖҰМЫС ЗАЛАЛЫ ӨТЕЛЕ МЕ?



КЭСІПОДАҚ

Қазақстанда 2007 жылы зиянды мамандықтар тізімі бекітілгенде, оның қатарында мыңнан астам кәсіп иелері бар екені анықталды. Соның ішінде Үкімет қаулысымен теміржол саласында 23 мамандық зиянды болып есептеледі.

Райхан РАХМЕТОВА,
Нур-Сұлтан

Олардың жұмыстарының зияндылығын бағалау деңгейіне қарай ай сайынғы жалақысына қосымша ақы төленеді. Бұл тізімде бірінші кезекте өндірісте істейтіндер қарастырылады. Олардың жұмысының зияндылығы өндірістің ортаның қатты лас болуы, шудың қаттылығы, қолайсыз температуралық режим, жарықтың жеткіліксіздігі, қауіпті еңбек жағдайы, жұмыс аймағында және көсібінен табытын аурулардың қозу қаупіне қарай белгілі болады. «Қазпрофтранс» ҚБ төрағасының орынбасары Жұпарбек Сәбитовтің айтуынша, Қазақстан теміржолында сондай зиянды жұмыста істейтін жұмысшылардың саны – 40 мың адам.

– Солардың әрқайсысына зиянды жұмыста істегендері үшін айына айлығына қосымша ақша төленеді. Бұл қосымша ақы жұмыстың зияндылығына байланысты берілетін балына қарай әр түрлі, 5 пен 12 пайыз арасында болады. Соның ішінде ең ауыр цех – локомотившілер. Бірақ олардың жұмысын бағалауға байланысты тарифтері жоғары, олар бірден жоғарылатылған

жалақы, яғни шамамен 300-400 мың теңге айлық алады. Ал одан кейінгі зиянды мамандықтарға – ұсталар, дәнекерлеушілер, электр монтерлары, вагон қараушылар, слесарілер, жолшылар, жол бригадирлері, механизатор, дрезинщиктер жатады. Солардың ішінде химиялық заттармен жұмыс істейтіндеріне зиянды жұмыс үшін қосымша ақшадан басқа сүт беріледі, – дейді Жұпарбек Сәбитов.

Жұмыс зияндылығына берілетін қосымша ақы көлемі өзгеріп отыруы мүмкін. Ол үшін лицензиясы бар мекемелер келіп, жұмыстың ауырлығын, зияндылығы қаншалықты екенін өлшеп, жан-жақты тексереді. Яғни, мұны аттестациялау деп атайды. Соның нәтижесінде зияндылық балы шығады, ал ол қосымша ақы пайызына әсер етеді.

– Пайыздар қалай өзгереді? Мысалы, ұстанның жұмыс орнында еңбек жағдайы бұрынғыдан жақсарып, цехта түтінді сыртқа тартатын құрылғы бұрын болмай, енді орнатқан болса, басқа да жұмысын жеңілдететін құралдар қойылса, ондай зияндылық үшін берілетін жалақы пайызы азаяды, – дейді Ж.Сәбитов.

ПУТЬ К КОЛЛЕКТИВНОМУ ИММУНИТЕТУ



COVID-19

АО «НК «Актауский морской торговый порт» вошел в тройку лидеров по темпам вакцинации среди сотрудников в группе компаний.

Айлин БАУРЖАН,
Ақтау

С апреля 2021 года 84% работников морского порта получили вакцины от вируса covid-19. В первую очередь были привиты сотрудники, которые в силу служебных обязанностей контактируют с большим количеством людей, а также медицинский персонал. Для ускорения процесса вакцинация осуществляется как в поликлинике по предварительной записи, так

и без нее – во внебольничных прививочных пунктах.

На сегодняшний день привит 391 сотрудник порта, из них 320 уже получили второй компонент вакцины. Большинство работников привиты вакциной «Спутник V».

Работа по профилактике инфекции ведется в ежедневном режиме. На проводимых встречах неоднократно подчеркивается, что вакцина создает иммунный ответ. Вакцины не содержат живой вирус, соответственно, человек не может быть носителем инфекции, заражать окружающих.

Но говорить о полной победе над вирусом еще рано. Поэтому в морском порту введен усиленный режим уборки помещений: ежедневно производится дезинфекция контактных поверхностей, тщательно моются полы и проветриваются помещения. Все сотрудники снабжены средствами индивидуальной защиты.



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нур-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өзгертудің редакцияның жазбаша рұқсаты алынбай, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сындыбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паничева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айदान Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Бұрабаев 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нур-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күзегі берілді.